**2005 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу агенттігі)**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналардың:

61, 62-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына 61-ҚОСЫМША

203 - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Табиғи монополия субъектілерінің қызметін реттеуді, бақылауды қамтамасыз ету" деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 961 376 мың теңге (тоғыз жүз алпыс бір миллион үш жүз жетпіс алты мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Нормативтік құқықтық кесімдер туралы" Қазақстан Республикасы 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 46-бабы ; "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы 1998 жылғы 9 шілдедегі Заңының 13, 14, 17, 18-баптары ; "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңының 1-30-баптары ; "Бәсеке және мемлекеттік қызметті шектеу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы Заңы ; "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 8-бабы ; "Қазақстан Республикасының кейбір заң кесімдеріне табиғи монополиялар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар

енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 26 желтоқсандағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік әкімшілік қызметшілер лауазымдарының санаттары бойынша тізілім бекіту туралы" 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1282 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және Ұлттық Банкінің сметасы (бюджет) есебінен қамтылған Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1284 Жарлығы ; " Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1109 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: жүктелген функцияларды тиімді орындау үшін Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің орталық аппараты мен аумақтық органдар аппараттарының қызметін қамтамасыз ету, кәсіптік қызмет саласында білім беру бағдарламасы бойынша өзінің лауазымдық міндеттерін тиімді орындау үшін қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес теориялық және практикалық білімдерін, машықтары мен дағдыларын жаңарту және кәсіптік шеберлігін жетілдіру, табиғи монополия субъектілерінің қызметін реттеу сапасын жақсарту, уәкілетті орган бекітетін тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) және тарифтік сметалардың негізділігін көтеру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің аппаратын ұстау; Агенттіктің, табиғи монополия субъектілерінің тиімді қызметіне, тұтынушылардың заңды мүдделерін қорғауға жәрдемдесетін қолданыстағы нормативтік құқықтық және нормативтік кесімдерді жетілдіру және жаңасын әзірлеу; табиғи монополия субъектілерінің техникалық және қаржылық жай-күйін бағалау; уәкілетті орган бекіткен тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) және тарифтік сметалардың деңгейіне сараптама жасау; жария тыңдаулар өткізу; мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру; Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі аппаратының материалдық-базасын нығайту, ақпараттық жүйелердің қызмет етуін қамтамасыз ету және ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N Ретсаны | Бағдарламаның коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | | 001 | Табиғи монополия субъекті-лерінің қызметін реттеуді, бақылауды қамтамасыз ету | | | |
| 2 | 001 | | Орталық органның аппараты | Қазақстан Республи-касы Табиғи монопо-полияларды реттеу агенттігінің орта-лық аппаратын штат саны - 133 бірлік | Жыл ішін-де | Қазақстан Республикасы Табиғи монополиялар-ды реттеу агенттігі лимитінің шегінде ұстау; Дербес жылумен жабдықтауға, кондиционерлеу мен сорушы желдетпеге жөндеу және оларға қызмет көрсету; 2 дана лифтіге күзет, өрт және күзет-өрт дабылына техникалық қызмет көрсету және оларды ұстау. Ай сайын "Регуля-тор" журналын баспадан шығару; Бекітілген тиесілі-лік нормативіне сәйкес 4 бірлік |

автокөлігін ұстау.

Табиғи монополия субъектілерінің қызметіне кемінде 20 сараптамалық бағалаулар жүргізу: табиғи монополияның мынадай салалары: энергетика, көлік, байланыс, су шаруашылығы және кәріз жүйелері, труба құбырларымен тасымалдау бойынша тендерлік негізде тәуелсіз сарапшылар мен сараптау ұйымдарын тарту; тәуелсіз сарапшылар мен сараптау ұйымдарының қызметтеріне ақы төлеу; сараптау қорытындыларының уақтылы орындалуын бақылау.

Табиғи монополия субъектілері қызметін реттейтін кемінде 20 нормативтік құқықтық және нормативтік кесімдерді әзірлеу және жетілдіру: тендерлік негізде нормативтік құқықтық және нормативтік кесімдерді

әзірлеу жөніндегі консультанттар белгілеу; консультанттардың қызметіне ақы төлеу; әзірленетін нормативтік құқықтық және нормативтік кесімдердің уақтылы орындалуын бақылау. Табиғи монополия субъектілерінің қызметіне қаржылық және техникалық сараптама жүргізу: тендерлік негізде сарапшылар белгілеу: қаржылық сараптама бойынша - кемінде 31 қорытынды; техникалық сараптама бойынша - кемінде 31 қорытынды; сарапшылардың қызметіне ақы төлеу; сарапшылар аралық және түпкілікті қорытындыларды уақтылы ұсынуын бақылау.

Кемінде 300 жария тыңдаулар ұйымдастыру және өткізу.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 3 | 002 | Аумақтық органдардың аппараттары | Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі аумақтық | Жыл ішінде | Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | органдарының аппаратын штат саны - 227 лимитінің шегінде ұстау. Бекітілген тиесілілік нормативіне сәйкес 16 бірлік автокөлік жалдау. Жария тыңдаулар өткізу. | | реттеу агенттігі |
| 4 | 007 | Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру | Біліктілікті көтерудің бекітілген жоспарына сәйкес мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін көтеру, оның ішінде мемлекеттік тілді үйрену жөніндегі қызметтерді сатып алу. Біліктілікті арттыру курсынан өтетін мемлекеттік қызметшілердің орташа жылдық саны - 150 адам. | Жыл ішінде | Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі |
| 5 | 009 | Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру | Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің орталық аппараты үшін 18 бірлік факсимильдік аппараттарын сатып алу. | Жыл ішінде | Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі |
| 6 | 017 | Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз | Есептеу техникасын сатып алу: пайдаланушылардың жұмыс станциялары 15 бірлік; | Жыл ішінде | Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу |

| | | |
|---|---|---|
| ету және мемлекет-тік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету | принтерлер - 7 бірлік; сканерлер - 1 бірлік. Есептеу техникасына техникалық қызмет көрсету: пайдаланушылардың жұмыс станциялары - 333 бірлік; серверлер - 3 бірлік; принтерлер - 177 бірлік; сканерлер - 4 бірлік. Жұмсалатын материалдарды, жиынтықтаушы және қосалқы бөлшектерді сатып алу. WEB-сайтты сүйемелдеу. Интернет желісіне қол жеткізу мен электрон почтасының қызметтеріне ақы төлеу. "Монополистер қызметтерінің мониторингі бойынша электрондық деректер базасы" жүйесін және локальдық міндеттерді сүйемелдеу: Лука-Бюджет; Міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру | агенттігі |

жоспарларын қалыптастыру, бюджеттен бөлінген қаржы лимитін есепке алу.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі қабылдайтын табиғи монополия субъектілерінің қызметін реттеу жөніндегі шешімдердің сапасы мен жеделдігін арттыру; мемлекеттік қызметшілердің кәсіби деңгейін осы заманғы экономикалық талаптарға сәйкес кәсіби мемлекеттік қызметтің талаптарына сай арттыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына 62-ҚОСЫМША

203 - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Монополистер қызметінің мониторингі бойынша электрондық деректер базасын құру" деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 104400 мың теңге (бір жүз төрт миллион төрт жүз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 мамырдағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі одан арғы шаралар туралы" 2003 жылғы 15 тамыздағы N 1165 Жарлығы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: монополистер қызметінің мониторингі бойынша электрондық деректер базасын құру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: табиғи монополия субъектілерінің, мемлекеттік ақылы қызмет көрсететін мемлекеттік кәсіпорындардың және мемлекеттік органдардың қызметтерін автоматты түрде мониторингілеу үшін тетіктер мен деректер базасын дамыту және енгізу, бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу, есептеу техникасын сатып алу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N Реттік саны | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 002 | | Монополистер қызметінің мониторингі бойынша электрондық деректер базасын құру | Монополистер қызметінің мониторинг бойынша электрондық деректер базасын дамыту, таралымдау және енгізу бойынша қызметтерді сатып алу: Агенттіктің орталық аппараты және оның аумақтық органдары үшін лицензияланған бағдарламалық қамтамасыз ету мен есептеу техникасын сатып алу; серверлер - 16 бірлік; пайдаланушылардың жұмыс станциялары - 60 бірлік; принтерлер - 45 бірлік; сканерлер - 15 бірлік; үзіліссіз қоректендіру көздері - | Жыл ішінде | Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі |

76 бірлік.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Бірыңғай электрондық деректер базасына табиғи монополия субъектілерінің қызметтері көрсеткіштерінің жай-күйі мен серпіні туралы ақпарат ықпалдастығы;

Табиғи монополия субъектілерінің тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) және тарифтік сметаларды атқаруын және мемлекеттік саясат саласында қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындардың баға түзуін жедел бақылау.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК